

ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ – АЗАМАТТЫҚ ТӘРБИЕНІҢ БІР САЛАСЫ РЕТІНДЕ

Хамзина К.Б.

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты

Бүгінгі қоғамның талабына сай, мектеп алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі – оқу-тәрбие жұмысының барлық құрылымында құқықтық тәрбиеге айрықша мән беріп, оны ұйымдастырудың тиімді жолдары мен тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру қажет.

Құқық – қоғамдағы ең негізгі және маңызды қатынастарды реттейтін, қоғамға пайдалы, қажетті қатынастардың дамуына жол ашып, қорғап, ал қоғамға зиянды қатынастарды шектеп, тыйым салатын құрал.

Құқықтық тәрбие – азаматтық, адамгершілік тәрбиенің бір саласы. Құқық арқылы мораль, этика, өнегенің шектен шыққан жерлері реттеледі.

Құқықтық нормалары мен ережелері адамдардың іс-әрекеттері мен мінез-құлықтарының қоғамдық мүддеге, белгіленген тәртіпке, қабылданған заңдарға сай келуін талап етеді. Сондықтан да осы талаптарға сай өмір сүру, еңбек ету және т.б. әрекеттерге бару үшін, оларды білу әрбір азаматтың борышы, міндеті.

Мектептегі құқықтық тәрбиенің мақсатына тоқталсақ:

1. Өскелең жас ұрпақты қоғамның заңдары мен нормаларын бұлжытпай орындау және сыйлау рухында тәрбиелеу.

2. Мемлекет пен қоғам саналы түрде белсенділікпен қатысып, өз Отанын қорғауға әрқашанда дайын болуға жаттықтыру.

3. Өз елінің материалдық және рухани байлығын сақтап, оны молайтуға қабілетті, іскер адамдарды тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Оқушыларға мемлекет, мемлекеттік құрылым және құқық, құқықтық нормалар жайында жан-жақты білімдерді меңгерту.

Бұл бағытта мектеп Жарғысы, оқушыларға арналған мінез-құлық ережелері құқықтық білімнің алғашқы негізін қалайды. Онда оқушылардың құқықтық білімнің алғашқы негізін қалайды. Онда оқушылардың құқықтары мен міндеттері туралы нормалар бар.

2. Мемлекет пен мемлекеттік заңдарға құрметпен қарау сезімдерін тәрбиелеу. Мұндағы маңызды мәселе – бүгінгі таңдағы елімізді қайта құру кезеңінде парламентте қабылданып жатқан заңдарды таныстыру, соның негізінде оқушылардың сана-сезімдерін және қоғам, заң алдындағы жауапкершіліктерін тәрбиелеу.

3. Жеткіншектердің мінез-құлықтары мен жүріс-тұрыстарын заң талаптарына сай қалыптастырып, адамгершілікті әдет-дағдыға тәрбиелеу. Демек, құқықтық тәрбие арқылы оқушыларды күнделікті өмірде өздерінің жүріс-тұрысына басшылық жасауына дайындауы тиіс.

4. Біздің қоғамымыз гуманист-ұжымшыл, ол халық үшін қызмет жасайтын жан болуы керек. Ата-заңның 14-бабында «Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең» деп атап көрсетілген. Құқықтық тәрбиенің міндеті – жас өспірімдердің азаматтық белсенділігін қалыптастыру, заңды бұзушылыққа қарсы күресу. Әр түрлі әлеуметтік-құқықтық маңызы бар жұмыстарға қатыстыру.

Оқушылардың құқықтық сана-сезімін қалыптастыру, тек қана құқықтық тәрбие жұмысы арқылы ғана жүзеге асырылмайды. Мектепте күнделікті жүріп жатқан барлық оқу-тәрбие қызметін ұйымдастыру жұмысының да тікелей немесе жанамалап қатысы бар.

Ұрпақ тәрбиесіндегі басты мақсат – жан-жақты дамыған тұлғаны тәрбиелеу. Негізгі тұлғаның өз өміріндегі орнын, атқаратын міндетін, қазіргі және болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілігін, дүниесінің күрделі құрылымын түсіну және өзін-өзі тану арқылы дара тұлға ретінде өзін үздіксіз бірқалыпты қалыптастыруға баулу.

Тәуелсіз мемлекет ретінде елімізде көптеген өзгерістер болуда. Ендеше осы елдің ертеңі – жасөспірімдерге ғасырға лайық тәрбие беру басты міндет болмақ. Елімізде жастарға құқықтық тәрбие беру барысы өз деңгейінде жүргізілсе, соғұрлым құқықтық білім алған жастарымыз мемлекетіміздің көркеюіне, дамуына үлес қоса алатын болады.

Құқықтық тәрбие беру баланың жеке тұлғасын қалыптастырып, олардың бойына жоғары идеялық пен қоғамдық меншікке қатынасты көзқарасты дарытудың асыл міндеттерін атқарады. Мемлекетіміз жастарға құқықтық тәрбие беру ісіне үнемі маңыз беріп келеді. Қазақстан заңдарына терең құрмет сезімін қалыптастыру, оларды сөзсіз сақтау және орындау – ұзақ уақыт тәрбие жұмысын жүргізудің жемісі. Көбіне құқықтық сананың төмендігі, материалдық және рухани игіліктердің не екенін жөнді түсінбеушілік қоғамға жат қы-

лықтарды туғызады. Сондықтан да әр оқушының санасына құқықтық нормаларды жеткізу, жеткізіп қана қоймай оның күнделікті мінез-құлық нормасына айналдыру үшін күресу құқықтық тәрбиенің міндеті болып табылады.

Жасөспірімдердің мектептегі өмірі тұлғаның азаматтық қалыптасуының шешуші кезеңі болып табылады. Осы жылдары адамгершіліктің дүниетанымы, сенімдері, ұжымшылдығы, тәртіптілігі, өзіне және басқаға талап қоюы, адалдығы мен шыншылдығы, қайырымдылығы мен ұстанымдылығы, жігерлілігі мен батылдығы қалыптасады.

Жастарға құқықтық тәрбие берудің міндеті – оларды адамгершілікке және құқықтық тәртіпке жат қылықтар жасаудан сақтандыратын жүйені қалыптастыру. Осындай аса маңызды міндетті іске асыруда жастарға құқықтық тәрбие беру жүйесі ықпал етуге тиіс. Жастардың көпшілігі заңның маңызын жете бағаламайды. Олардың көбісі тәртіп бұзудың жазасыз қалмайтынына сенімсіздікпен қарайды.

Заңдарды білмеу – құқықтық мәдениеттің елеулі кемшілігі. Әрине, қоғам өмірінде қабилданған заңдылықтардан хабардар болу құқықтық ұғынудың жоғары деңгейі. Соған сәйкес мінез-құлық пен тәртіпті қамтамасыз ете бермейді. Заңды білмеу, оны бұзу жауапкершілігінен құтқармайды. Бұл жерде оқушы заң және құқықтық мәдениет ұғымын шатастырмау керек. Заң, оны оқушы біле ме, білмей ме, оған тәуелсіз қызметін атқара береді. Ал құқықтық мәдениет оқушыдан жан-жақты құқықтық білімдерді талап етеді.

Адамның құқықтық мәдениеті – күрделі психологиялық құбылыс. Бұл құбылыс қоғамның, мемлекеттің көптеген маңызды жағын бейнелейді.

Құқықтық тәрбие негізі отбасынан басталады. Қоғамдағы тәртіпсіздік пен қылмыстың көзі – маскүнемдік. Азғындықтың құзына итермелейтін жағдайлардың алғы шарттары осыдан басталады. Мектеп жасындағы жастар арасында бұл теріс құбылыстардың орын алып жасырын емес.

Оқушылар арасында құқықтық тәртіпті бұзушылықтың алдын-алу үшін жүргізілетін шаралар:

- тәртіп бұзушының теріс мінез-құлқын қалыптастыруға ықпал ететін жағдайды жою;
- оқушының тәрбиесін, өмір жағдайын, ортасын сауықтыру;
- оқу, еңбек іс-әрекетін тиімді ұйымдастыру;
- Отан қорғау, туған елдің күш-қуатын молайту, сөз баспасөз бостандығы мәселелері жөнінде тәрбиелік іс-шараларды өткізу.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан - 2030» стратегиялық бағдарламасында Отан қорғау мен оның қауіпсіздігіне ерекше мән бергені мәлім. Қарулы күштерінің бір тармағы ретінде ішкі әскердің де іргетасы қаланды. Ішкі әскер барлық қазақстандықтардың, қарапайым азаматтардың мүддесін қорғаушы – құқықтық тәртіп әскері. Бұл мектеп, отбасы және қоғам жұртшылығының құқықтық тәрбие жұмысын жүргізудегі басты бағытының бірі – оқушылар арасында заң тәртібін бұзушылықтың алдын алу шараларын жүргізуге кең жол ашады.

Құқықтық тәрбиені заман талаптарына сай жүргізу үшін ең алдымен сынып жетекшілерінің және мектептердің озат тәжірибесін терең зерттеп, нәтижесін оқу және тәрбие жұмыстарында ұтымды, жинақты етіп пайдаланып, оңтайлы формалары мен әдістерін іздестіру қажет.

Мектепте жасөспірімдерге құқықтық лекторийлар ұйымдастырылады. Лекторийлердің мақсаты – жасөспірімдерде еліміздің заңдарын және халқын құрметтеу сезіміне тәрбиелеу, құқықтық біліммен қаруландыру, оны насихаттау.

Кинолекторийлар – әр түрлі жастағы балалар үшін ұйымдастырылады. Оқушыларға жас ерекшеліктеріне байланысты түрлі көркемдік, хронологиялық-құжаттық, ғылыми фильмдер, кинофильмдер көрсетуге болады. Балалық шақ – қоғамның болашақ азаматының дене және психологиялық сипаттарының қалыптасатын маңызды кезеңі. Сондықтан да халықаралық қауымдастық балалардың құқығын қорғауға айрықша назар аударып отыр.

Қазақстан Республикасының 09.07.2004 жылғы №591 ІІ «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы және балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Заңы аясында кәмелетке толмағандардың қадағалаусыз және панасыз қалуының, ата-аналардың баласын қайыршылыққа итермелеулерінің алдын алу мақсатында бала тәрбиесімен дұрыс айналыспай, оларды оқыту және тәрбиелеу жөніндегі міндеттерін орындамағандарға ҚР ӨҚБТК-нің 111-бабына сәйкес шара көрсетіледі. Осы Заңның 4-бабында кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы саласындағы мемлекеттік органдардың төмендегідей негізгі міндеттері атап көрсетілген.

1)кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз, панасыз қалудың және қоғамға жат іс-әрекеттердің алдын алып, олардың жасалуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою;

2)кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету;

3)өмірде қиын жағдайға душар болған кәмелетке толмағандарды әлеуметтік оңалту;

4)кәмелетке толмағандардың заңға мойынсұнушылық мінез-құлқын қалыптастыру;

5)кәмелетке толмағандарды құқық бұзушылықтар немесе қоғамға жат іс-әрекеттер жасауға тарту фактілерін анықтап, жолын кесу;

б)кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың алдын алу жөніндегі мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдардың қызметін үйлестіру болып табылады.

Құқықтық білім беру мәселесі өз алдына, сонымен қатар елі мен халқы үшін ұлтжандылық таныта алатын отансүйгіштік азамат тәрбиелік алсақ, бұл мектептердегі оқу-тәрбие жұмыстарының мақсатының орындалғандығы.

Жасөспірімдердің мектептегі өмірі тұлғаның азаматтық қалыптасуының шешуші кезеңі болып табылады. Осы жылдары адамгершіліктің дүниетанымы, сенімдері, ұжымшылдығы, тәртіптілігі, өзіне және басқаға талап қоюы, адалдығы мен шыншылдығы, қайырымдылығы мен ұстанымдылығы, жігерлілігі мен батылдығы қалыптасады.

Қазіргі кезеңдегі Қазақстан Республикасының жағдайында, бұрынғы жүйе ыдырап жаңа жүйе аяғынан өнді тұрып келе жатқан мезгілде ұлтшылдық пен ұлтжандылықты шатастырып алмау үшін, көп ұлтты республиканы дұрыс дамыту үшін тәрбиенің бұл саласы керек. Адамның құқықтық мәдениеті – күрделі. Өңгіме адам, оның санасы, мінез-құлық, жүріс-тұрысы туралы болғанда, көптеген сұрақтар туындайды. Дегенмен, қоғам болашағын құқықтық мемлекет тағдырымен байланыстыра қарап отырған шағымызда аға ұрпақ тәжірибесі мен қарым-қатынасы тәжірибесін негізге ала отырып, жас ұрпақтың құқықтық тәрбиесі мәселесін педагогика ғылымы мазмұнында қарастырғанымыз жөн.

Оқушыларға құқықтық тәрбие беруде олардың құқықтық сана сезімін бірінші кезекте қалыптастырудың маңызы зор. Құқықтық сана - қоғамдық сананың ерекше түрі. Сондықтан, құқықтық тәрбие беруде оқушылардың санасын тәрбиелеу, жауапкершілік сезімін көтеру, ұйымшылдық пен тәртіптілікті нығайту – мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарының негізгі бір бағыты.

Мектеп құқықтық тәрбие жұмысын 1-сыныптан бастап, белгілі бір жүйелікпен ұйымдастырылған түрде оқушының оқуды бітіргенге дейінгі аралығында жүргізуі қажет. Қазақстан Республикасының Ата Заңының «Адам және азамат» деп аталатын II бөліміне енгізілген тәуелсіз еліміздің азаматтарының құқықтары мен міндеттері жайында баяндалған 1-бапта «Менің Отаным – Қазақстан республикасы. Оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандығы» деген жолдарадан бастап, 1995 жылы 30 тамызда Бүкілхалықтық референдумда қабылданып, 1995 жылғы 5 қыркүйектен күшіне енген Ата-заңның – Конституциясының мазмұнымен әрі ондағы құқықтық ұғымдарды таныстырудан, түсіндіруден бастаған жөн.

Тарихтан бізге мәлім болған тағы бір жайт, ол Ману Заңы және XII кесте Заңы, Наелеон Кодексі, Тәуке ханның «Жеті Жарғысы» т.с.с құқық жайында жазылған жазба ескерткіштерінің болғаны. Яғни, қай қоғамдағы алмасақ та оның өзіне тән құқықтық қорғау ережелерінің болғаны.

Бүгінде әлемдік деңгейде адамдардың құқығын қорғайтын «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы» бар. Ол әлемдік құжат. Оны 1948 жылдың 10 желтоқсанында «Бүкіл Одақтық Ұлттар Ұйымы» қабылдаған. Бұл Әділет заңын еш бұзуға болмайды.

Құқықтық тәрбиенің нәтижелі болуы үшін оқушылардың жасын, әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерін, әр баланың жеке басының қасиеттерін ескеру керек. Сол себептен де құқықтық тәрбие беру жұмысы *бірнеше сатыдан* тұрады: 1-4 сыныпта (бастауыш мектеп); 5-7 сыныпта; 8-9 сыныпта; 10-11 сыныптар аралығында. Сатыдан сатыға көшкенде құқықтық тәрбие күрделеніп, тереңдей береді. Оқушылардың құқықтық сана-сезімін қалыптастыруда бір сатыда қол жеткен табыс келесі сатыда баянды етіліп, молая беруі тиіс.

Тәрбиенің негізі мектептегі оқу болса, оқушыларға оқу пәндерінің құқықтық тәрбие берудегі қызмет айрықша.

Заң туралы мәліметтерді оқушылардың құқықтық оқу *факультативінде* де алу мүмкіндігі бар. Бұл факультатив негізінен оқушылардың жоғары сыныптарында ұйымдастырылып, олардың бұрын алған білімдерін толықтыруға септігін тигізеді.

Мектептегі «Құқық» кабинетінің де атқарар қызметі ерекше. Осындай кабинеттер құқық бұзушылықтың алдын алудың орталығына айналуы тиіс. Кабинетке әр түрлі заңдар, оларды түсіндіруге арналған кітапшалар, мақалалар, анықтамалар, көрмелер қойылуы қажет. Сонымен бірге құқықтық жұмыстарға қатысты әр тарапты жұмыстар да осында жүргізіледі.

Оқушыларға құқықтық тәрбие беруде *сыныптан, мектептен тыс жұмыстардың* да алатын орны ерекше. Осы бағыттағы жұмыстарға жататын тәрбие жататын тәрбие берудің жолдары мыналар:

1. Мораль мен құқық мәселелеріне арналған лекциялар, әңгімелер өткізу;
2. Сот, әділет, прокуратура, полиция, денсаулық сақтау қызметкерлерімен кездесу ұйымдастыру;
3. Құқық мәселелеріне арналған кештер, конкурстар, олимпиадалар ұйымдастыру;
4. Құқықтық үйірмелер, білім мектептерін, университеттерді ұйымдастыру;
5. Оқушылар конференциялары, айтыстары, адамгершілік және құқық тақырыпта-рына байланысты арнаулы және көркем әдебиеттерді талқылау;
6. Құқықтық тақырыптарға арналған деректі және көркем фильмдерді талқылау;
7. 16 жасқа толып, куәлік алған оқушыларды құрметтеп, құттықтау;
8. Мектептегі құқық сақтау жұмысының хал-жағдайы туралы қабырға газет, бюллетень шығару;
9. «Жас заңгер» клубын ұйымдастыру;
10. Ай сайын «құқықты насихаттау мен құқық бұзушылықтың алдын алудың бірыңғай күндерін» жүргізу.

Бұл жұмыс 1986 жылы Қазақ ССР-і Оқу министрлігінің ұсынысы бойынша барлық мектептерге еңгізілген.

Құқықтық насихаттау күндерін дайындап, жүргізгенде балалардың жас ерекшеліктерін ескерген жөн және оны жеке немесе бірнеше сыныпта топтастырып жүргізген ұтымдырақ.

Жастарға құқықтық тәрбие беруде билер өнегесінің маңызы зор. Әсіресе, бүгінгі таңда жастар арасында өріс алған қылмыс пен бұзақылыққа тұсау болар құқықтық тәрбиені күшейту үшін, сан ғасырлық тарихы бар билер тәлім-тәрбиесін оқу-тәрбие ісіне қолданудың нәтижесі зор болары сөзсіз. Оқушы жастарға адамгершілік тұрғысында тәрбие беруде ата-бабамыздың салт-санасы, әдет-ғұрпында жүргізілген үлгі-өнегенің мәні зор. Сөз қадірін білетін заманда бір ауыз сөздің ішкі мағынасын жете түсініп, «Жаным арымның садағасы», «Арыңды жасыңнан сақта», «Адасқанның алды жөн, арты соқпақ». «Ата-анасын сыйлаған адал бала, отырады жұмақтың төрін ала» т.с.с

Халық кейінгі кезде «Әкім бол, халқыңа жақын бол», «Балық басынан шіриді» – деген мақалаларды жиі айтып, қызмет төрінде отырған әкімдер мен шенеуніктерге және халық қалаушыларының адамгершілік қасиеттеріне ерекше назар аударып жүр.

Халқымызда 13 жастағы бала отау иесі деп айтады. Ал, қазіргі Қазақстан Республикасының Ата Заңы бойынша қылмыс жасаған баланы 14 жастан жауапқа тартады. Сондықтан да бала тәрбиесінде ата-ана болсын, мектеп болсын осы кезеңге айрықша зор мән берулері тиіс.

Адам баласы туған күннен бастап мемлекеттің қамқорлығына алынады. Өйткені, ол елдің азаматы. Сондықтан да Ата Заңда – Қазақстан Республикасының Конституциясында оның құқықтыра мен қоғам алдындағы міндеттері айқын көрсетілген. Ең бастысы, өз құқықтары мен міндеттерін, заңдарды білу ғана емес, оларды іс жүзінде жауапкершілікпен орындау.

Бүгінде Қазақстан Республикасында демократияға бағытталған құқықтық мемлекет құру идеясын жүзеге асыру, ондағы әр бір азаматтың өз құқықтарын жете біліп, соған сай сана-сезімін қалыптастырып, мінез-құлық пен түрлі әрекеттерінде нормаларды басшылыққа алу дағдыға айналуы тиіс. Ол үшін:

1. Оқушыларға жалпы орта білім беру жүйесінде құқықтық білім мен тәрбие беруді жан-жақты тереңдету.
2. Оқушылардың құқықтық мәдениеті мен адамгершілік тәрбиесін бірлікте қалыптастыру.
3. Әрбір оқушының осы бағытта жеке сауаттылығын үнемі ынталандырып отыру.
4. Оларға қылмыстың кез-келген түріне жиіркенішпен қарап, төзбеуге бағыт-бағдар беріп отыру.
5. Мектепте құқық негіздерінен алған білімдері мен тәжірибелерін практика жүзінде қолдана білуге үйрету қажет.

Осы бағытта жұмыс істеу үшін, жалпы жұртшылық болып қатысып, еліміздің өркениетті құқықтық мемлекеттер қатарына қосылуына әрбір азаматтың қажетті борышы деп ат салысуы тиіс.

Ел, халық болашағы – жастар. Зайырлы елдің жастары зерделі, арлы, абыройлы болмақ керек. Желкілдеп өскен құрақтай жастардың үмітін ақтағаны абзал. Құқықтық тәрбие жұмыстарын жүйелі жүргізу оң нәтиже берері сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қоянбаев Ж., Қоянбаев Р. Педагогика оқулығы XII тарау. – Астана, 1998.
2. Қоянбаев Ә. Жастар және праволық тәрбие. – А., 1988.
3. Сапарғалиев Г. Оқушыларға праволық тәрбие беру туралы. – А., 1988.
4. Булгакова Д.А. Мемлекет және құқық теориясы: Оқу құралы. – Алматы, 2004.

ВОСПИТАНИЕ ГРАЖДАНСТВЕННОСТИ И ЧУВСТВА ПАТРИОТИЗМА НА УРОКАХ ИСТОРИИ В КЛАССАХ С УГЛУБЛЕННЫМ ИЗУЧЕНИЕМ ПРЕДМЕТА

Чеботарева Р.А.

ГУ «Средняя школа №23 им. М.Козыбаева отдела образования акимата г.Костаная»

«С чего начинается Родина...» – эти слова с годами приобретают всё более глубокий смысл, особенно, когда речь идет о воспитании и обучении в свете реформ и инноваций современного процесса образования. История была и остается предметом школьной программы, направленным на воспитание чувства патриотизма, толерантности. История была и остается предметом сложным, но и одновременно интересным для учеников. Каким же должен быть урок истории в современной школе, направленной на профилизацию обучения и развития школьника?

Углубленное изучение истории является одним из направлений гуманитарного профиля обучения. Создание классов с углубленным изучением истории предполагает дополнительную часовую нагрузку по предмету, которая дает возможность построить исторический образ эпохи, личности, явления, процесса на качественно новом уровне.

Углублённое изучение истории заключается только в одном – мы рассматриваем её не в «социологическом» ключе, а как фактор человеческого сознания. История тогда может быть углублённой, когда она становится интересной. Каждый идёт к этому углублению по-своему, но если пропадает интерес, то нет и углубления. Как же поддержать интерес к углубленному изучению истории? Начать нужно с того, что окружает ученика: родной город, его история, история семьи, а вместе с тем история большой Родины, которая состоит из отдельных станиц. Именно эти страницы истории ученик не просто изучает, а продолжает писать по мере развития необходимых знаний, умений и учебных навыков и компетенций.

Уроки истории могут и должны способствовать формированию гражданской позиции у подрастающего поколения. Интерактивные формы обучения способствуют этому процессу, а также формируют общеучебные умения и навыки: читать и понимать текст, читать и понимать инструкцию, составлять план, сравнивать два текста, находить в них общее и особенное, работать с картой и т.п. Изучение фактов, интерпретация фактов (объяснение), оценка (опыт формирования аргументированного отношения к ним) – вот основа исторических знаний, которыми должен овладеть выпускник школы.

В СШ №23 им. М.Козыбаева в 2010-2011 учебном году на базе пятых классов был создан класс с углубленным изучением истории Казахстана. Для работы с учащимися данного класса была разработана программа углубленного изучения предмета, которая предусматривает увеличение часовой нагрузки до 4 часов в неделю. Данная программа предполагает не только традиционные уроки, но и практические уроки изучения истории посредством краеведческого материала. В плане работы с учащимися предусматривается ряд экскурсий, разработка научных проектов. Учащимся предлагается не только стандартный учебный материал, но и дополнительная литература с учетом возрастных особенностей пятиклассников.

Основные приемы и методы работы в данном классе строятся на основе игровой технологии. Учащиеся учатся познавать историю своей Родины через доступную деятельность, через игру. Так формируются лидерские качества, знания и способности, умение работать в микрогруппах, сопереживать, брать на себя ответственность, творчески мыслить, быть критичными слушателями, принимать решение и т.д.